

NEWS

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY**

ISSN 2224-5286

Volume 2, Number 422 (2017), 166 – 177

UDC 541.128.13; 665.644.26; 665.658.62

**B.T. Tuktin¹, N.N. Nurgaliyev¹, B.M. Bagasharova¹,
M.T. Suleimenova², R.Kh. Turgumbayeva²**

¹ D.V. Sokolskiy Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry, Almaty, Kazakhstan;

² Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan
E-mail:tuktin_balga@mail.ru

THE PROCESSING OF CRACKING GASES OVER THE MODIFIED ZEOLITE CATALYSTS

Annotation. Studied the process of processing sulfur-containing propane-propylene and butane-butylene fraction over zeolite catalysts such as KPM-16, KPM-19 and KTM-1.

The influence of technological parameters to conversion, yield aromatic compounds and selectivity have been studied. It found that at the processing of light hydrocarbons over these catalysts are formed aromatic compounds such as benzene, toluene, ethylbenzene, xylol, etc., and gas phase contains C₁-C₄ hydrocarbons. By increasing temperature from the 400°C to 600°C conversion C₄ increased 100%. The maximum yield of aromatic compounds on all studied catalysts reached to maximum at the temperature of 550-600°C.

Analysis of the results shows that the highest yield of aromatic hydrocarbons in the processing of propane – propylene fraction observed on KPM-16 catalyst: the maximum amount is formed at the temperature of 500°C and it is 33,8%.

The composition of processed products of butane-butylene and propane- propylene fraction shows, that studied catalysts have polyfunctional properties: formation of aromatic compounds occurs by one step as a result of cracking, dehydration, oligomerization and dehydrocyclization reactions. If there is some sulfur-containing crude, the desulphurization process occurs at the same time.

Key words: catalyst, aromatic compounds, zeolite, propane-propylene fraction, butane-butylene fraction

ЭОЖ 541.128.13; 665.644.26; 665.658.62

**Б.Т.Туктін¹, Н.Н.Нұрғалиев¹, Б.М.Бағашарова¹,
М.Т.Сулейменова², Р.Х.Тұргұмбаева²**

¹«Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты» АҚ, Алматы, Қазақстан;

²Абай атындағы Казак Үлтүңк Педагогикалық Университеті, Алматы, Қазақстан

КРЕКИНГ ГАЗДАРЫН МОДИФИЦИРЛЕНГЕН ЦЕОЛИТҚҰРАМДЫ КАТАЛИЗАТОРЛАРДА ӨНДЕУ

Аннотация. Құрамында құқырті бар пропан-пропилен және бутан- бутилен фракцияларын модифицирленген КПМ-16, КПМ-19 және КТМ-1 цеолитті катализаторларында өндөу процесі жүргізілді. Технологиялық параметрлердің конверсияға, ароматты қөмірсүтектердің шығымына және селективтілікке әсері анықталды. Женіл қөмірсүтектерді жоғарыдағы катализаторлардың қатысында өндегендеге сұйық фазада ароматты қосылыстар (бензол, толуол, этилбензол, ксилюлдар) түзіліп, ал газ фазада C₁-C₄ қөмірсүтектері болатыны анықталды. Температура 400°C-тан 600°C-қа жоғарылағанда конверсия 100%-ға жетеді. Колданылған катализаторлардың барлығында ароматты қөмірсүтегілердің максималды шығымы 550-600°C-та анықталды.

Алынған иәтижелерге сәйкес, пропан- пропилен фракциясын өндегендеге ароматты қөмірсүтектердің жоғары шығымы КПМ-16 катализаторында байқалды: максималды мөлшері 550°C-та түзіліп 33,8%-ға тен болды.

Бутан-бутилен және пропан-пропилен фракцияларын өндегеннен алынған өнімдердің құрамы, зерттелген катализаторлардың полифункционалды қасиетке ие екендігін көрсетеді: ароматты көмірсүтектер крекинг, дегидрлеу, олигомерлеу, дегидроциклдеу реакцияларының нәтижесінде бір сатыда пайдала болады. Сонымен катар, құқіртті шикізатты өндегендеге, құқірттен тазалау процесі де катар жүреді.

Түйін сөздер: катализатор, ароматты қосылыстар, цеолит, пропан-пропилен фракциясы, бутан-бутилен фракциясы.

Кіріспе. Табиғи, ілеспе және мұнай зауыты газдарының құрамына кіретін жәніл алкандарды тиімді пайдалану өзекті мәселе. Жәніл көмірсүтектерді катализаторлардың өзгеріске ұшырауды зерттеу өлемнің көптеген ғылыми орталықтарында жүргізілпік келеді. Осы газдардың құрамындағы C₁-C₄ алкандар цеолитқұрамады катализаторларда ароматты көмірсүтектерге айналады. Ароматты көмірсүтектер көптеген мұнайхимиялық процестерге өте маңызды шикізат болып табылады [1-9].

Қазіргі таңда мұнайхимиялық және мұнайөндеу өндірістерінде микрокеуекті құрылышты және қышқылды-негізді қасиетке ие, жәніл алкандарды мұнайхимия синтезінің бағалы өнімдеріне айналдыратын, пентасил тектес жоғарыкремнеземді цеолит негізінде жасалған цеолитті катализаторлар кеңінен қолданылады. Пентасилді құрылышты цеолиттің сутекті және модифицирленген формасын қолдану арқылы жәніл молекулалы алкандарды ароматты көмірсүтектерге айналдыру процесі жүргізілді [1-20].

Жұмыста крекинг газдарының (пропан-пропилен және бутан-бутилен фракциялары) жаңа модифицирленген цеолитті КПМ-16, КПМ-19 және КТМ-1 катализаторларында өндеу процесі зерттелінді.

Эксперименттік бөлім

Цинк, молибден, фосформен модифицирленген және СЖЭ (сирек кездесетін жер элементтер) алюминий гидроксиді мен ZSM-5 цеоліті қоспасының және сәйкес тұздардың сініру арқылы жаңа цеолитті катализаторлар КПМ-16 (Mo-Zn-ZSM-Al₂O₃), КПМ-19 (Mo-La-ZSM-Al₂O₃) және КТМ-1 (Zn-La-P-Al₂O₃) дайындалды. Алынған катализаторлардың үлгілерін формалап 5 сағат бойы 150°C-та кептіріліп, одан кейін 5 сағат 550°C-та құйдірілді.

Ауыр мұнай фракцияларын катализаторлардың крекингке ұшыратқанда бөлінетін газдарды ароматты көмірсүтектерге айналдыру процесінде катализаторлар 400-600°C температура аралығында, көлемдік жылдамдық 160-1420 сағ⁻¹ және атмосфералық қысымда зерттелді. Олардың катализаторлардың активтілігі тұракты катализатор қабаты бар ағынды қондырығыда зерттелді. Бастаның шикізат және газ өнімдерінің анализі, «Supelco» (АҚШ) фирмасының фторланған алюминий оксидімен толтырылған колонкасы бар (3,5×0,003 м) «Хром-5» хроматографында анықталды және каппилиярлы колонкалар «Ajilient» хроматографы алынған сұйық өнімнің анализі үшін қолданылды.


Нәтижелер және оларды талқылау. Құрамында құқірті бар пропан-пропилен фракциясын өндеу процесінде КПМ-16 катализаторының зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілді. КПМ-16 катализаторында пропан- пропилен фракциясын (ППФ) өндегендеге ароматты қосылыстар (бензол, толуол, этилбензол, ксилоидтар), газ фазасында C₁-C₄ көмірсүтектері түзілді. Көлемдік беру жылдамдық 350 сағ⁻¹, температура 400°C-тан 600°C-ка артқанда конверсия 8,4-тен 100%-ға артады. Ароматты көмірсүтектердің (АрК) шығымы 13,8-ден 29,2%-ға артады (550°C). Температура 600°C-ка дейін артқанда АрК шығымы 25,8%-ға дейін төмендейді. АрК бойынша максималды селективтілік 500°C-та байқалады және ол 33,7%-ды құрайды. Одан жоғары температурада АрК бойынша селективтілік біршама төмен 31,4-25,8% болып, 400-600°C аралығында толуолдың шығымы бензолмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Көрсетілген жағдайдағы толуолдың мөлшері 35,6-45,3%, ал бензол 4,6-30,1%. Сұйық катализаттардың ксилоиддың мөлшері 3,2-7,2%-ға тең. Этилбензодың шығымы температура 400-600°C аралығында артқанда 28,9-ден 9,9%-ға төмендейді. Шикізаттың құрамындағы карбонилсульфид 0,794-тен 400°C температурада алынған өнімнің құрамындағы карбонильсульфиді 0,203 мг/м³-қа дейін төмендейді. Жоғары температураларда құқіртқұрамды қосылыстар анықталмады. Температура арткан сайын C₁-C₂ түзіліп, крекинг процесі байқалды.

Кесте 1 – КПМ-16 катализаторында пропан-пропилен фракциясын өңдеу процесіне температураның әсері

T, °C	Баст.газ	400	450	500	550	600
Конверсия C ₄ , %		-	8,4	76,6	92,9	100
Сүйкі фаза шығымд., % масс		13,8	21,7	25,8	29,2	25,8
Селект. ArK, C ₄ %		-	-	33,7	31,4	25,8
Сүйкі фаза кұрамы, %						
Бензол		4,6	8,9	14,3	22,2	30,1
Толуол		35,6	42,0	41,0	45,3	45,0
Этилбензол		28,9	24,6	17,9	14,4	9,9
Ксиол		8,4	7,2	5,5	4,5	3,2
C ₅₋₆ - көмірсүтектері		3,6	3,7	2,3	3,6	-
C ₈₊		18,9	13,6	19,0	10,0	11,8
Күкіртқұрамдас қосылыстар, мг/м ³						
Карбонилсульфид	0,794	0,203		жоқ	жоқ	жоқ
Метилмеркаптан	2,631	0,311		0,155	жоқ	жоқ

Пропан-пропилен фракциясын өңдеу процесінде шикізаттың көлемдік беру жылдамдығының КПМ-16 катализаторының активтілігіне және селективтілігіне әсері анықталды (1-сурет). КПМ-16 катализаторында 550°C температурда және шикізаттың көлемдік беру жылдамдығы 160 сағ⁻¹ болып пропан-пропилен фракциясын өндегендегі, конверсия 100%, ароматты көмірсүтектердің шығымы 33,1%-ға тең. Шикізаттың көлемдік беру жылдамдығын 950 сағ⁻¹-ге дейін жогарылатқанда, конверсия 84,9%-ға, сүйкі фазаның шығымы 11,7%-ға дейін төмендейді.

Шикізаттың көлемдік беру жылдамдығын 160-950сағ⁻¹ аралығында арттырыңда, бензолдың шығымы 26,8-ден 16,4%-ға төмендейп, толуолдың шығымы 41,8-ден 48,5%-ға артады. Сонымен қатар этилбензолдың шығымы 10,7-ден 18,6%-ға артады. Ароматты көмірсүтектердің пайда болу селективтілігі V=350 сағ⁻¹-де 33,8%-ға жетеді.




Сурет 1 – КПМ-16 катализаторында пропан-пропилен фракциясын өңдеу кезінде шикізаттың көлемдік беру жылдамдығының конверсия мен сүйкі өнім шығымдылығына әсері

КПМ-16 катализаторының пропан-пропилен фракциясын өңдеу процесінде жұмыс жасау тұрақтылығын анықтау үшін зерттеулер жүргізілді. Зерттеулер 550°C және V=380сағ⁻¹ жағдайында

жүргізілді (2-кесте). Кестеде көрсетілген нәтижелерге сәйкес, катализатордың бастапқы 8 сағат жұмысында конверсия тұрақты және 100%-ға тең. Содан кейін конверсия біршама төмендейді. Сұйық фазаның шығымы бастапқыда 24,1%-ды көрсетеді. Кейін, ароматты қемірсугегердің шығымы төмендей, тұрақталады және 19,9-21,1% аралығында болады.

Кесте 2 – Пропан -пропилен фракциясын өндөу процесінде КПМ-16 катализаторының тұрақтылығын зерттеу

Уақыт, сағ	Баст газ	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Конверсия C ₄ , %		99,5	99,5	100	100	100	100	100	100	88,0	78,4
Сұйық фаза пығымд.% масс		24,1	21,9	22,7	20,1	20,0	21,6	19,9	19,2	21,1	20,4
Селект. АрК, %		24,2	24,2	22,7	20,1	20,0	21,6	19,9	19,2	24,0	26,0
Сұйық фазаның кұрамы, %											
Бензол		19,5	18,4	17,3	18,9	18,5	18,5	17,5	16,6	21,1	19,2
Толуол		46,7	47,0	46,8	46,8	47,1	47,8	48,4	47,0	48,6	47,2
Этилбензол.		16,3	16,9	17,4	15,8	16,3	16,8	17,3	17,6	15,2	15,9
Ксиол		5,1	5,2	5,3	4,8	4,9	5,1	5,2	5,3	4,7	5,0
C ₅₋₆ -қемірсугегтер		0,6	0,9	2,1	1,0	2,7	1,3	0,4	0,4	0,5	0,8
C ₈₊		11,8	11,6	11,1	12,7	10,5	10,5	11,2	13,1	9,9	11,9
Күкіртқұрамдастар мг/м ³											
Карбонилсульфид	0,40	0,06	0,025	0,042	0,262	-	-	-	-	-	0,31
Метилмеркаптан	0,18	0,09	0,160	0,125	0,100	-	-	-	-	-	0,17



Сурет 2 – КПМ-19 катализаторында пропан-пропилен фракциясының өндөу кезінде температуралың конверсия мен сұйық өнім шығымдылығына эсері

Бұл жағдайларда (550°C және V=380сар⁻¹) катализатордың бастапқы он сағат жұмыс жасау уақытында бензолдың шығымы 18,1-19,5%-ды көрсетеді. Толуолдың шығымы бұл уақыт аралығында айтартылғанай өзгермейді, бірақ оның шығымы бензолмен салыстырғанда жоғары және 46,4-48,6% аралығында болады. Этилбензолдың шығымы 15,2-17,4%, ал ксиолдың шығымы 4,8-

5,3%-ға тең. Газ фазасында C_1-C_4 көмірсүтектері анықталды. Метанның шығымы көп емес және реакция кезінде 19,4-тен 10,0%-ға төмендейді. Этанның мөлшері 13,1-25,7%-ға тең. Бұл жағдайларда шикізаттағы карбонилсульфидтің мөлшері 0,405-тен 0,069-0,317 $\text{мг}/\text{м}^3$ -қа, ал метилмеркаптанның мөлшері 0,18-ден 0,09-0,17 $\text{мг}/\text{м}^3$ -қа дейін төмендейді.

Шикізаттың көлемдік беру жылдамдығы 500 сағ^{-1} , пропан-пропилен фракциясын КПМ-19 катализаторында өндөу процесін зерттеу барысында 400°C температурада конверсия 12,5%-ға тең екендігі анықталды. Температуралы ары қарай арттырғанда конверсия өседі. C_4 бойынша максималды конверсия 600°C -та 100%-ды көрсетеді. Тәжірибелі температурасын 400 -ден 600°C -қа арттырғанда ароматты көмірсүтектердің шығымы 10,2-ден 30,2%-ға дейін артады (2-сурет). АрК максималды селективтілігі 400°C -та 81,6%-ды көрсетеді. Температуралы 400 -ден 550°C -қа арттырғанда толуолдың шығымы 39,0-дан 42,4%-ға артады, одан кейін 34,6%-ға дейін төмендейді (600°C). Этилбензолдың мөлшері 39,0-дан 10,0%-ға дейін бірте-бірте төмендейді. Катализаттағы бензолдың шығымы 5,2%-дан (400°C) 600°C температурада 19,5%-ға дейін артады. Катализаттағы ксилюлдың мөлшері көп емес 3,3-8,6%-ды құрайды. Метанның шығымы температура артқан сайын 0,1-ден 30,0%-ға дейін өседі. Температуралы 400°C -тан 600°C -қа дейін арттырғанда этанның шығымы 2,3%-дан 25,6%-ға дейін артады. Бастапқы шикізаттың көмірсүтектерінің крекингіленуі КПМ-16 катализаторымен салыстырғанда КПМ-19 катализаторында жоғары. Бұл жағдайларда шикізаттағы карбонилсульфидтің мөлшері 0,794-тен 0,173 $\text{мг}/\text{м}^3$ -қа дейін, 500°C температурада метилмеркаптанның мөлшері 2,631-ден 0,298 $\text{мг}/\text{м}^3$ -қа дейін төмендейді. Температуралы ары қарай жоғарылатқанда катализатта күйіртті косылыстар болған жоқ.

КПМ-19 катализаторында пропан-пропилен фракциясын өндөу процесіне шикізаттың көлемдік беру жылдамдығының әсері зерттелінді (3-кесте). 550°C -та шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы 160 сағ^{-1} болғанда конверсиясы 99,5%, ароматты көмірсүтектердің шығымы 11,9 %, селективтілігі 11,9%-ды құрады. Шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы 950 сағ^{-1} -не дейін артқанда C_4 конверсиясы 56,6%-ға дейін төмендейді. Сұйық фазаның шығымдылығы өзгереді, шикізаттың көлемдік беру жылдамдығы 350 сағ^{-1} болғанда ең жоғары мәні 22,6%, ал 950 сағ^{-1} болғанда 7,1%-ға дейін төмендейді. 350-500 сағ^{-1} аралығында ароматты көмірсүтектердің селективтілігі 23,1-23,4%-ды құрады.

Кесте 3 – КПМ-19 катализаторында пропан-пропилен фракциясын өндөу процесіне шикізаттың көлемдік беру жылдамдығының әсері

V, сағ^{-1}	Баст. газ	160	350	500	720	950
Конверсия C_3 , %		58,0	30,4	26,2	8,3	6,2
Конверсия C_4 , %		99,5	96,6	93,5	76,8	56,6
Сұйық фаза шығымд., % масс		12,0	22,6	21,6	11,3	7,1
Селект. АрК, C_4 %		11,9	23,4	23,1	14,7	12
Сұйық фаза кұрамы, % масс						
Бензол		19,9	16,0	17,7	9,3	9,1
Толуол		44,8	42,3	42,4	39,1	43,9
Этилбензол		14,1	17,2	17,0	23,9	25,8
Ксиол		4,5	5,5	5,5	7,3	7,7
C_{5-6}		-	3,3	1,0	0,7	0,1
C_{8+}		16,7	15,7	16,4	19,7	13,4

Шикізаттың көлемдік беру жылдамдығын 160-тан 950 сағ^{-1} -ге дейін арттырғанда, бензолдың шығымы 19,9-дан 9,1%-дейін төмендейдеп, ал толуолдың шығымы 39,1-44,8% -ға жетіп, жоғары мәнге ие болады. Сұйық катализатта этилбензолдың үлесі 14,1-25,8%-ға артады. Ксилюлдың шығымы айтартылғай тәмен, 4,5-7,7%-ды құрады. Көмірсүтектер крекинг шикізаттың беру жылдамдығы артқан сайын баяулап, метан мен этанның бөлінуі сәйкесінше 29,4-тен 4,5%-ға және 32,2-ден 7,5%-ға төмендейді.

КПМ-16 катализаторы қатысында шикізаттың көлемдік беру жылдамдығы 500 сағ^{-1} болғанда, бутан-бутилен фракциясын өзгеріске ұшырау процесіне температуралың әсеріне зерттеу жүргізілді


(4-кесте). КПМ-16 катысында бутан-бутилен фракциясын өндегендес, C_1-C_4 газтәріздес көмірсүтектер мен сұйық өнімдер (бензол, толуол, этилбензол, ксилолдар және т.б.) түзілді. Температураның $400\text{-}600^{\circ}\text{C}$ аралығында конверсия 25,2-ден 100%-га артты. Осы жағдайда 550°C -та ароматты көмірсүтектердің шығымы 5,5-тен 15,4%-га артады. Температура 600°C -ка дейін есkenде ароматты көмірсүтектердің шығымы 12,9%-га дейін төмендейді. 400°C -та АрК бойынша максималды селективтілігі 21,8% құрады. Температураны 600°C -қа дейін арттырылғанда, АрК бойынша селективтілігі 12,9%-га дейін төмендейді. Температураның $400\text{-}600^{\circ}\text{C}$ интервалында толуолдың шығымы бензолдан артығырақ: толуол шығымы $37,3\text{-}47,6\%$ болғанда, бензол $3,3\text{-}35,7\%$ -ды құрайды. Сұйық катализаторының ксилолдың мөлшері 2,5-10,3%-га тәң болды. Этилбензолдың шығымы 400°C -та 34,95%-ды құрайды, бірақ температураның жоғарулауымен шығымы 7,5%-га дейін кеміді. Температура артқан сайын C_1-C_2 көмірсүтектері түзіліп, крекинг арта түседі және де құқіртқұрамдас қосылыстардың үлесі азайды. 400°C -та бастапқы карбонилсульфидтің мөлшері $1,088 \text{ mg/m}^3$ -тан $0,818 \text{ mg/m}^3$ -қа дейін төмендейді. Осы жағдайларда 550°C -та метилмеркаптанның үлесі құрт $4,075$ -тен $0,216 \text{ mg/m}^3$ -ке төмендейді (4-кесте). Бутан-бутилен фракциясын $450\text{-}600^{\circ}\text{C}$ температурада өндегендес құқіртқұрамдас қосылыстар табылмады.

Кесте 4 – КПМ-16 катализаторында бутан-бутилен фракциясын өндөу процесіне температураның әсері

T, °C	Баст.газ	400	450	500	550	600
Конверсия C_3 , %		-	-	-	-	98,0
Конверсия C_4 , %		25,2	37,6	76,6	97,7	100
Сұйық фаза шығымд., % масс		5,5	7,7	13,8	15,4	12,9
Селект. АрК, C_3 %		-	-	-	-	13,1
Селект. АрК, C_4 %		21,8	20,5	18,0	15,8	12,9
Сұйық фаза құрамы, % масс						
Бензол		3,3	8,0	16,7	21,8	35,7
Толуол		37,3	46,5	47,6	42,8	41,7
Этилбензол		34,9	24,9	17,8	11,4	7,5
Ксилол		10,3	7,5	5,5	3,6	2,5
C_{5-6}		0,5	2,1	1,0	-	0,1
C_{8+}		13,7	11,0	11,4	20,4	12,5
Құқіртқұрамдас қосылыстар, mg/m^3						
Карбонилсульфид	1,088	0,818	жоқ	Жоқ	жоқ	жоқ
Метилмеркаптан	4,075	1,924	0,315	0,216	жоқ	жоқ

Бутан-бутилен фракциясын өндөу процесінде шикізатты берудің көлемдік жылдамдығының КПМ-16 катализаторының активтілігі мен селективтілігіне әсері зерттелінді. (3-сурет). КПМ-16 катализаторы катысында температура 550°C болғанда, шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы 140 ca^{-1} -де бутан-бутилен фракциясын өндегендеге C_4 бойынша конверсиясы 100% құрады, ал ароматты көмірсүтектің шығымы 20,5% құраса, селективтілігі АрК бойынша 20,9%-га тәң болды. Шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы 1200 ca^{-1} -ге дейін артқанда, C_4 көмірсүтектер конверсиясы мен сұйық фазаның шығымы сәйкесінше 70,0% мен 10,9% болды. $V=140 \text{ ca}^{-1}$ болғанда, бензолдың шығымы 30,4%, ал $V=1200 \text{ ca}^{-1}$ болғанда, 17,1%-ды құрады. Осы жағдайда толуолдың шығымы $42,8\text{-}50,2\%$ -ды құрап, этилбензол мөлшері $10,0\text{-}17,6\%$ -га тәң болды. Ксилолдың шығымы 3,2-5,1% құрап, шикізатты берудің көлемдік жылдамдығына іс жүзінде тәуелді болмайды. Ароматты көмірсүтектердің түзілу бойынша селективтілігі шикізатты беру жылдамдығы артқан сайын төмендейді.

Бутан-бутилен фракциясын берудің көлемдік жылдамдығы 140 -тан 1200 ca^{-1} -ге артқанда, крекинг процесінің үлесі азайып: метанның мөлшері $44,7$ -тен $8,8\%$ -га, этанның $37,1\text{-}5,3\%$ -ға төмендейді.



Сурет 3 – КПМ-16 катализаторында бутан-бутилен қоспасын өңдеу кезінде шикізаттың көлемдік беру жылдамдығының конверсия мен сүйық өнім шығымдылығына әсері

КПМ-16 катализаторының жұмысының тұрақтылығы бутан-бутилен фракциясын өңдеу процесінде зерттелді. Зерттеудерді температура 550°C және $V=380\text{сәф}^{-1}$ болған жағдайда жүргізілді (5-кесте). Катализатордың алғашқы төрт сағат жұмысында конверсия тұрақты шамада болып, 93,6-97,4%-ды құрады. Оның сағаттан кейін 75,8, %-ға төмендейді. Сүйық фазаның шығымы өңдеу басталғанда 20,4%-ға тең болып, кейінірек ароматты көмірсүтектердің шығымы төмендейді және 18,0-19,5% аралығында өзгереді.

Осы жағдайларда катализатор он сағат жұмысы істегендеге бензол шығымы 19,6-22,3% аралығында құбылады. Толуолдың шығымы аз өзгереді, бірақ та бензолдан жоғарырак болып, 46,3-48,6%-ды құрады. Этилбензол шығымы 13,6-15,9%, ксиолдар 4,3-5,0%-ға тең. Газ фазасында $\text{C}_1\text{-C}_4$ көмірсүтектері анықталынды, олардың мөлшері реакция журуу кезінде азаяды.

Кесте 5 – КПМ-16 катализаторының тұрақтылығынан бутан-бутилен фракциясының өңдеу процесінде зерттеу

Уақыт, сағ	Баст. газ	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Конверсия C_4 , %		93,6	97,4	96,2	95,4	86,4	87,1	88,3	87,7	83,7	75,8
Сүйық фаза шығымд., % масс		20,4	19,5	18,1	17,8	18,4	19,2	18,4	19,0	18,1	18,0
Селект. АрК, %		21,8	20,0	18,8	18,6	21,3	25,3	20,8	21,7	21,6	21,1
Сүйық фаза кұрамы, % масс											
Бензол		21,5	22,0	19,6	22,9	22,3	19,2	20,2	21,6	20,2	21,2
Толуол		47,0	47,9	47,4	46,3	48,0	47,2	47,5	47,5	47,5	48,6
Этилбензол		14,7	13,6	15,9	13,9	16,4	15,9	15,6	15,0	15,6	15,2
Ксиолдар		4,5	4,3	5,0	4,4	4,8	5,0	4,8	4,6	4,9	4,7
C_{5-6}		3,3	1,5	1,0	0,5	1,0	0,8	0,5	0,5	0,6	0,8
C_{8+}		9,0	10,7	11,1	12,0	15,5	11,9	11,4	10,8	11,2	19,2

Жоғарыда көлтірілген мәліметтер катализатордың регенерациясыз жұмыс істеу уақытының артуы нәтижесінде кокс түзіліп, активті орталықтар жабылып, шикізаттың конверсиясы мен ароматты көмірсүтектердің шығымы кемиді.


6-кестеде КПМ-19 катализаторында шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы 500 сәф^{-1} -де бутан-бутилен фракциясын өзгеріске ұшырату процесінде температуралың эсерін зерттеу нәтижелері көлтірілген. КПМ-16 катализаторындағыдан бутан-бутилен фракциясын КПМ-19 катализаторы катысында өндегендеге де реакция нәтижесінде газтәріздес ($\text{C}_1\text{-C}_4$ көмірсүтектер) және сүйық (бензол, толуол, этилбензол, ксиолдар ж.т.б.) өнімдер түзіледі. Температуралың 400 -ден 600°C -ка жоғарылағанда, C_4 көмірсүтектер конверсиясы $49,3$ -тен $95,9\%$ -ға артады. Ароматты көмірсүтектердің шығымы мен АрК бойынша селективтілігі сойкесінше $5,5$ -тен $18,2\%$ және $11,1$ -ден $19,9\%$ -ға артады. 400 - 600°C аралығында бензол шығымы $7,3$ -ден $21,4\%$ -ға, толуолдікі $37,3$ -тен

43,9%-ға көбейеді. Катализаттағы ксилолдың мөлшері 4,6-7,2% болды. Этилбензолдың шығымы температура 400-ден 600°C-қа артқанда, 24,4-тен 14,1%-ға кеміді.

Температура артқан сайын C₁-C₂ көмірсутектер түзілуі артты, крекинг күшейеді: метан үлесі 0,3-тен 26,6%-ға өсіп, ал этан 1,2-ден 24,1%-ды құрады. Тәжірибелі температурасы өскенде, өсіреле 550-600°C-та күкіртқұрамдас қосылыстардың мөлшері күрт азайды.

Кесте 6 – КПМ-19 катализаторында бутан-бутилен фракциясын өндеу процесіне температураның әсері

T, °C	Баст. газ	400	450	500	550	600
Конверсия C ₄ , %		49,3	71,3	83,2	91,6	95,9
Сұйық фаза шығымд., % масс		5,5	8,9	13,0	16,8	18,2
Селект. ArK, C ₄ %		11,1	12,5	15,6	18,3	18,9
Сұйық фаза құрамы, % масс						
Бензол		7,3	9,3	13,8	19,0	21,4
Толуол		37,3	36,1	38,8	42,5	43,9
Этилбензол		24,6	22,5	19,6	16,5	14,1
Ксилол		7,2	6,9	6,1	5,2	4,6
C ₅₋₆		1,4	2,1	3,8	3,4	0,7
C ₈₊		22,2	23,1	18,3	13,4	15,3
Күкіртқұрамдас қосылыстар, мг/м ³						
Карбонилсульфид		1,088	0,408	0,324	0,152	iз
Метилмеркаптан		4,075	0,428	0,298	0,203	iз



Сурет 4 - КПМ-19 катализаторында бутан-бутилен фракциясын өндеу кезінде шикізаттың көлемдік беру жылдамдығының конверсия мен сұйық өнімнің шығымдылығына әсері

Бутан-бутилен фракциясын өндеу процесінде шикізаттың берудің көлемдік жылдамдықтың КПМ-19 катализаторының активтілігі мен селективтілігіне әсерін зерттеулері (4-сурет), температура 550°C, шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы 140 сағ⁻¹-де C₄ көмірсутектер конверсиясы айтартықтай жоғары болып, 95,9%-ды құрайтынын көрсетті. Шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы 970 сағ⁻¹-ге артқанда конверсиясы 60,0%-ға дейін кеміді. V=140 сағ⁻¹ болғанда ароматты көмірсутектердің шығымы 21,4%, ал селективтілігі ArK бойынша 22,3%-ды құрады. Көлемдік жылдамдық 970 сағ⁻¹-ге артқанда, сұйық фазаның шығымы 8,0%-ға, ал селективтілігі ArK бойынша 13,3%-ға дейін төмендейді.

Бутан-бутилен фракциясын өндеу процесінде шикізатты берудің көлемдік жылдамдығы артқанда бензолдың шығымы 17,3-тен 11,2%-ға азайды. Осы жағдайларда толуолдың шығымы шикізаттың беру жылдамдығына аса тәуелді емес және 41,5-43,7%-ды құрады, ал бөлінетін

этилбензолдың мөлшері 16,4-тен 28,8%-ға артады. Ксилолдың шығымы толуолдікі сияқты шикізат беру жылдамдығына көп тәуелді емес және 5,2-6,9%-ды құрады. Бутан-бутилен фракциясын өндөу процесінде шикізатты берудің көлемдік жылдамдығының артуымен крекинг процесстерінің үлесі азайып, метанның мөлшері 26,7-ден 5,5%-ға, ал этан 23,7-ден 6,8%-ға дейін кеміді.

КПМ-19 катализаторының бутан-бутилен фракциясын 550°C , $V=380\text{caf}^{-1}$ жағдайында өндөуде жұмыс істеге тұрақтылығы зерттелінді (7-кесте). Кестеде берілген мәліметтер көрсеткендегі, катализатордың баставпқы үш сағат жұмысында конверсиясы тұрақты шамада 73,4-73,8% болды. Кейінрек конверсия 56,7%-ға төмөндейді. Сұйық фаза шығымы процестің баставпқы кезінде 16,1-15,4%-ға тең болса, кейін шығымдылық 9,8%-ға төмөнедеді. Сұйық фаза өнімінің сапалық және сандық анализи іс жүзінде реакцияның журу уақытына тәуелді емес. Катализатордың 6 сағат жұмысында бензолдың шығымы 9,2-11,1%, толуолдың шығымы жоғарылау болып, 37,5-41,9% аралығын қамтыды. Этилбензолдың шығымы 22,6-25,6%, ксилол-6,6-7,5% болды. Газ фазасында метанның шығымы көп емес, реакция кезінде 7,7-8,6 -дан 5,0%-ға, этаның мөлшері 10,5-тен 6,1%-ға азайды.


КТМ-1 катализаторында 300caf^{-1} -де, температура 400°C -тан 600°C -қа артқанда конверсия 8,6-дан 96,1%-ға дейін жоғарылады (7-кесте). Бұл жағдайларда 550°C -та ароматты көмірсүтектердің шығымы 7,8-ден 15,6%-ға дейін өседі. Температура 600°C -қа дейін өскенде, конверсия 11,1%-ға дейін төмөндейді. Максималды селективтілік 400°C -та байкалды және ол 90,7%-ды құрайды. $400-600^{\circ}\text{C}$ аралығында толуолдың шығымдылығы бензолмен салыстырғанда біршама жоғары. Бұл жағдайларда толуолдың шығымы 22,3-50,1%-ға тең болды, ал бензолдың шығымы 2,1-31,2% болды. Сұйық катализаттағы ксилолдың мөлшері 3,0-6,2%-ды құрайды. Этилбензолдың шығымы температура $450-600^{\circ}\text{C}$ аралығында өскенде 26,0-дан 9,9%-ға төмөндейді .

Кесте 7— КТМ-1 катализаторында пропан-пропилен фракциясын өндөу процесіне
температураның әсері ($V=300\text{caf}^{-1}$)

T, $^{\circ}\text{C}$	Баст.газ	400	450	500	550	550	600
Конверсия C ₄ , %		8,6	22,7	58,0	72,2	95,4	96,1
Сұйық фаза шығымы, % масс		7,8	8,3	10,1	15,6	14,5	11,1
Селект. АрК, C ₄ %		90,7	36,6	17,4	21,6	15,2	20,0
Сұйық фазаның құрамы, %							
Бензол		2,1	5,7	10,4	17,4	24,2	31,2
Толуол		22,3	40,1	47,1	50,1	47,5	44,4
Этилбензол		24,8	26,0	21,9	17,2	13,9	9,9
Ксилол		4,8	6,2	5,2	4,4	3,8	3,0
C ₅ -C ₆ көмірсүтектер		14,3	3,8	3,9	0,3	1,2	0,2
C ₈₊		31,7	18,2	11,5	10,6	9,4	11,3

Пропан-пропилен фракциясын өндөу процесінде шикізатты көлемдік беру жылдамдығының КТМ-1 катализаторының активтілігіне әсері зерттелді (5-сурет). Пропан-пропилен фракциясын КТМ-1 катализаторында өндөу 550°C -та және шикізатты көлемдік беру жылдамдығы 300 caf^{-1} жағдайында конверсия 95,4% болып, ароматты көмірсүтектер шығымы 14,5% құрайды. Шикізаттың көлемдік беру жылдамдығын 1420 caf^{-1} -ге дейін арттырғанда, конверсия 13,8%-ға дейін төмөндейді, сұйық фазаның шығымы 4,5%-ды құрайды.

Шикізаттың көлемдік беру жылдамдығын $300-1420\text{caf}^{-1}$ аралығында арттырғанда, бензолдың шығымы 24,2-ден 12,6%-ға дейін төмөндейді. Толуолдың шығымы шикізаттың көлемдік беру жылдамдығы $300-825\text{caf}^{-1}$ аралығында өзгергенде 47,5-тен 52,3%-ға дейін өседі де, одан кейін $V=1420\text{ caf}^{-1}$ болғанда 49,3%-ға дейін төмөндейді. Бұл жағдайларда көлемдік беру жылдамдықты $300-825\text{caf}^{-1}$ аралығында өзгертукенде, этилбензолдың шығымы 13,9-дан 24,5 %-ға дейін артады да, $V=1420\text{caf}^{-1}$ -ге жеткенде 19,8%-ға дейін төмөндейді. $V=1420\text{ caf}^{-1}$ болғанда селективтілік 32,6%-ға дейін жетеді.



5-сурет-Пропан-пропилен фракциясын КТМ-1 катализаторында өңдеу кезінде шикізаттың колемдік беру жылдамдығының конверсия мен сұйық өнім шығымының асері($T = 550^{\circ}\text{C}$)

Пропан-пропилен фракциясын өңдеу процесінде қолданылған КТМ-1 катализаторы жұмысының тұрақтылығын анықтауға зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысы 550°C және $V=300\text{саг}^{-1}$ жағдайында жүргізілді. Катализатор алғашқы төрт сағат жұмыс істегендеге, конверсия тұрақты және 100%-ды құрайды. Содан кейін конверсия төмендейді және сегіз сағат жұмыстан соң 71,3%-ды құрайды. Ароматты қөмірсүтектердің шығымы 1,6-12,1% аралығында болды. Катализатор ұзақ уақыт регенерациясыз жұмыс жасаудың нәтижесінде кокстеліп, катализатор бетіндегі белсенді орталықтар жабылады, ол шикізат конверсиясының және ароматты қөмірсүтектердің шығымын төмендетуге алып келеді.

Қорытынды. Зерттеулар нәтижелері пропан-пропилен фракциясын өндегендеге, КТМ-16 катализаторында ароматты қөмірсүтектердің шығымы жоғары болатынын көрсетеді, олардың максималды мөлшері 550°C -та түзіліп, 33,8%-ды құрайды.

Бутан-бутилен және пропан-пропилен фракцияларын өңдеу өнімдерінің құрамы КПМ, КТМ катализаторлары полифункционалды қасиетке ие екендігін көрсетеді: крекинг, дегидрлеу, олигомерлеу, дегидроциклдеу реакцияларының нәтижесінде ароматты қөмірсүтектердің пайда болуы бір сатыда жүреді. Сонымен қатар күкіртті шикізатты өндеген жағдайда, бір уақытта күкірттен тазалау процесі де жүреді.

Зерттеулерді қаржыландыру қоры: Жұмыс КР білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 218/ГФ4 «Олефинді және ароматты қөмірсүтектер алудың жаңа технологиялары» және 220/ГФ4 «Ауыр мұнай фракцияларын моторлы отындар мен ароматты қосылыстарға кешенді қалдықсыз өңдеу» жобаларын қаржыландыруымен орындалды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Дергачев А.А., Лапидус А.Л. Каталитическая ароматизация низших алканов // Журнал Росс.хим. общества им.Д.И.Менделеева. – 2005. – Т. ЛII, № 4. – С. 15–21.
- [2] Ечевский Г. Получение ароматических углеводородов из ПНГ и других легких фракций // Нефтегазовые технологии. – 2012. - № 4. - С. 92-96.
- [3]Ахметов А.Ф., Карапун О.Н. Модифицированные пентасилсодержащие катализаторы для ароматизации углеводородных газов //Химия и технология топлив и масел. - 2001. - № 5. - С. 33-36.
- [4] Миначев Х.М., Дергачев А.А. Создание и исследование цеолитных каталитических систем для превращения низкомолекулярных углеводородов в ценные химические продукты // Известия РАН. Сер.хим. – 1998. - № 6. - С. 1071-1080.
- [5]Лапидус А.Л., Дергачев А.А., Костица В.А., Силакова А.А. Ароматизация этана на галлийплатиновых цеолитах семейства пентасила // Нефтехимия. - 2008. - Т.48, №2. - С.83-86.
- [6] Расулов С.Р., Мустафаева Г.Р., Махмудова Л.А. Перспективные катализаторы ароматизации пропана // Нефтепереработка и нефтехимия. -2012. -№ 2. -С. 36-41.
- [7] Лапидус А.Л., Козлов А.М., Худяков Д.С., Дергачев А.А. Ароматизация пропан-бутановой фракции на модифицированном пентасиле

- // Газохимия. – 2010. - № 6. – С.16-18.
- [8] Мамонов Н.А., Фадеева Е.В., Григорьев Д.А., Михайлов М.Н., Кустов Л.М., Алхимов С.А. Металл-цеолитные катализаторы дегидроароматизации метана // Успехи химии. -2013. -Т. 82. -С. 567-585.
- [9] Ширязданов Р.Р., Рахимов М.Н., Мансуров И.С. Основные проблемы, особенности и перспективы переработки нефтезаводских газов // Нефтехимия. -2010. -№ 1. -С. 32-35.
- [10] Мустафаева Г.Р., Салимова Н.А., Расолов С.Р. Технология переработки газов каталитического крекинга // Нефтепереработка и нефтехимия. -2012.- № 5. -С. 36-38.
- [11] Туктин Б., Закумбаева Г.Д., Смагулов Р., Токтабаева Н.Ф. Каталитическое превращение сжиженного нефтяного газа в ароматические углеводороды // Нефтепереработка и нефтехимия. – 2008. - № 6. - С. 35-37.
- [12] Фалькевич Г.С., Ростанин Н.Н., Виленский Л.М., Иньяева Г.В., Немира К.Б., Нефедов Б.К. Новые технологии «САПРнефтехим» переработки углеводородного сырья с использованием цеолитсодержащих катализаторов. Сообщение 1. Переработка попутных нефтяных газов, широких фракций легких углеводородов и отходящих нефтезаводских парфинсодержащих газов в ароматические углеводороды // Катализ в промышленности. -2002. -№ 2. -С. 44-50.
- [13] Ахметов А.Ф., Карагут О.Н. Превращение пропан-бутановой фракции на модифицированных пентасилсодержащих катализаторах // Нефтепереработка и нефтехимия. - 2000. - №12. – С.28-34.
- [14] Карагут О.Н., Дорогочинский А.З. Использование пропан-пропиленовой фракции процесса каталитического крекинга для получения высокооктановых компонентов автомобильных топлив // Нефтепереработка и нефтехимия. - 1999. - №2. - С. 27-30.
- [15] Лапидус А.Л., Крылова М.В., Маслов И.А., Ментюков Д.А. Превращения пропилена в присутствии высококремнеземных цеолитов. // Нефтехимия. - 2003. – Т.43, №1. – С.38-41.
- [16] Хасanova Э.И., Назмиева И.Ф., Зиятдинов А.Ш., Салахов И.И., Копылов А.Ю. Изучение процесса ароматизации пропана на цеолитсодержащем катализаторе с различным отношением Si/Al // Нефтехимия. -2012.- Т. 52, - № 2. - С. 97-103.
- [17] Карагут О.Н. Влияние различных модификаторов на превращение фракции низкомолекулярных углеводородов // Химия и химическая технология. - 1999. – Т.42, вып.2. – С.69-73.
- [18] Восмериков А.В., Ермаков А.Е., Восмериков Л.Н., Федцак Т.А., Иванов Г.В. Превращение низших алканов в присутствии наночастиц металлов, нанесенных на цеолитную матрицу // Кинетика и катализ. - 2004. – Т.45, №2. – С.232-236.
- [19] Ахметов А.Ф., Карагут О.Н. Стабильность пентасилсодержащих катализаторов при ароматизации бутановой фракции // Химия и технология топлив и масел. - 2002. - №2. - С. 32-33.
- [20] Козлов А.М., Худяков Д.С., Лапидус А.Л., Дергачев А.А. Ароматизация пропан бутановой фракции на пентасиле, модифицированном солями цинка. // Технология нефти и газа. - 2011. - №1. - С. 7-10.
- [21] Восмерикова Л.Н., Седой В.С., Восмериков А.В. Ароматизация низших алканов в присутствии наночастиц циркония, нанесенных на цеолитную матрицу //Нефтепереработка и нефтехимия. - 2007. - №4. - С.20-23.

REFERENCES

- [1] Dergachev A.A, Lapidus A.L. *D.I. Mendeleev Journal of Russ. chem.society*. **2005**, LII, 4., 15–21 (in Russ.)
- [2] Echevskii G. Oil-gas tecnology. **2012**, 4, 92-96. (in Russ.)
- [3] Akhmetov A.F. Karatum O.N. *Himia I tehnologija topliv I masel*, **2001**, 5, 33-36. (in Russ.)
- [4] Minachev Kh. M., Dergachev A.A. *Izvestia RAN*. **1998**, 6, 1071-1080. (in Russ.)
- [5] Lapidus A.L., Dergachev A.A, Kostina A.V., Silakova A.A. *Neftechimia*, **2008**, 48, 2, 83-86. (in Russ.)
- [6] Rasulov S.R., Mustafaev S.R., Makhmudova L.A. *Neftepererabotka i neftechimia*, **2012**, 2, 36-41. (in Russ.)
- [7] Lapidus A.L., Kozlov A.M., Khudyakov D.S., Dergachev A.A. *Gasochimia*, **2010**, 6, 16-18. (in Russ.)
- [8] Mamontov N.A., Fadeeva E.V., Grigoriev D.A. , Mikhailov M.N., Kustov L.M., Alhimov S.A. *Uspehi chimii*, **2013**, 82, 567-585. (in Russ.)
- [9] Shiryazdanov R.R., Rahimov M.N., Mansurov I.S. *Neftechimia*, **2010**, 1, 32-35. (in Russ.)
- [10] Mustafaeva G.R., Salimova N.A., Rasulov S.R. *Neftepererabotka I neftechimia*, **2012**, 5, 36-38. (in Russ.)
- [11] Tuktin B., Zakumbaeva G.D., Smagulov R., Toktabaev N.F. *Neftepererabotka I neftechimia*, **2008**, 6, 35-37. (in Russ.)
- [12] Falkeevich G.S., Rostanin N.N., Vilenskii L.M., Inyaeva G.V., Nemira K.B., Nefedov B.K. *Catalysis in industry*, **2002**, 2, 44-50. (in Russ.)
- [13] Akhmetov A.F. Karatum O.N. *Neftepererabotka i neftechimia*, **2000**, 12, 28-34. (in Russ.)
- [14] Karatum O.N., Dorogochinskii A.Z. *Neftepererabotka i neftechimia*. 1999, 2, 27-30. (in Russ.)
- [15] Lapidus A.L., Krylova M.V., Maslov I.A., Mentiukov D.A.. *Neftechimia*, **2003**, 43, 1,38-41 (in Russ.).
- [16] Khasanova A.R, Zyadinov A., Salahov I.I., Kopylov A.Iu. *Neftechimia*, **2012**, 52, 2, 97-103. (in Russ.)
- [17] Karatum O.N. *Chemistry and Chemical technology*, **1999**, 42, 69-73. (in Russ.)
- [18] Vosmerikov A.V., Ermakov A.E., Vosmerikova L.N. Fedshak T.A., Ivanov G.V. *Kinetic and catalysis*, **2004**, 45, 2,232-236. (in Russ.)
- [19] Akhmetov A.F., Karatum O.N. *Chemistry and technology of fuel and oils*, **2002**, 2, 32-33. (in Russ.)
- [20] Kozlov A.M., Khudyakov D.S., Dergachev A.A, Lapidus A.L. *Technology of petroleum and gas*, **2011**, 1, 7-10. (in Russ.)
- [21] Vosmerikova L.N., Sedoi V.S., Vosmerikov A.V. *Neftepererabotka i neftechimia*, **2007**, 4, 20-23. (in Russ.)

Б.Т.Туктинг¹, Н.Н.Нұргалиев¹, Б.М.Багашарова¹, М.Т.Сулейменова², Р.Х.Тургумбаева²

¹ АО Институт топлива, катализа и электрохимии имени Д.В. Сокольского, Алматы, Казахстан;

² Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ПЕРЕРАБОТКА ГАЗОВ КРЕКИНГА НА МОДИФИЦИРОВАННЫХ ЦЕОЛИТСОДЕРЖАЩИХ КАТАЛИЗАТОРАХ

Аннотация. Проведены исследования процесса переработки серосодержащих пропан-пропиленовой и бутан-бутиленовой фракций на модифицированных цеолитсодержащих катализаторах КПМ-16, КПМ-19 и КТМ-1. Изучено влияние технологических параметров на конверсию, выход ароматических углеводородов и селективность. Установлено, что при переработке легких углеводородов на этих катализаторах образуются ароматические соединения (бензол, толуол, этилбензол, ксиолы), а в газовой фазе содержатся C₁-C₄ углеводороды. С увеличением температуры от 400 до 600°C конверсия C₄ повышается 100%. Наибольший выход ароматических углеводородов на всех исследованных катализаторах достигает при 550-600°C.

Анализ полученных результатов показывает, что наибольший выход ароматических углеводородов при переработке пропан-пропиленовой фракции наблюдается на катализаторе КПМ-16: максимальное их количество образуется при 550°C и составляет 33,8%.

Состав продуктов переработки бутан-бутиленовой и пропан-пропиленовой фракций показывает, что изученные катализаторы обладают полифункциональными свойствами: образование ароматических углеводородов происходит в одну стадию в результате протекания реакций крекинга, дегидрирования, олигомеризации, дегидроциклизации. Одновременно, в случае переработки серосодержащего сырья, происходит и сероочистка.

Ключевые слова: катализатор, ароматические соединения, цеолит, пропан-пропиленовая фракция, бутан-бутиленовая фракция.